



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

"КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта бас әріппен көрсетілген терминдер мен сөз тіркестерінің мынадай мағыналары бар: • Құпия ақпарат – қызметтерді орындау барысында Мердігерге белгілі болған, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан Мердігерге жазбаша, ауызша, электрондық немесе кез келген өзге түрде берілген және Тапсырыс берушінің бизнесіне немесе технологиясына не оның байланысты тараптарына қатысы бар, арнайы «ҚҰПИЯ АҚПАРАТ» ретінде таңбаланған ақпаратты білдіреді. Құпия ақпарат деп, оның ішінде шектеусіз, қаржылық ақпаратты, стратегия, коммерциялық жоспарлар, коммерциялық операциялар мен жүйелер, баға саясаты туралы ақпаратты, қызметшілер, клиенттер және/немесе өнім берушілер туралы ақпаратты, инженерлік-геологиялық және басқа да деректерді, жазбаларды, Қызметтердің кез келген және барлық сатыларында Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушінің байланысты тараптарына әзірленген және тиесілі өнертабыстар, жетілдірулер, ноу-хау, ҒЗТҚЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтер) туралы ақпаратты, сондай-ақ осы Шарт бойынша Мердігердің барлық жазбалары мен нәтижелерін атайды; • Қолданылатын заңнама – заңдарды, кодекстерді, жарлықтарды, қаулыларды, сондай-ақ осы Шартты орындау үшін қажетті немесе қолданылатын барлық ережелер, стандарттар, нормалар мен ерекшеліктерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білдіреді; • Тапсырыс берушінің персоналы – Тапсырыс берушінің өкілін және Тапсырыс берушінің басқа да жұмыскерлерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Мердігерге персонал деп көрсетілген өзге де персоналды білдіреді; • Мердігер персоналы - Мердігердің өкілі мен персоналын, оның ішінде осы Шарт бойынша қызметтерді орындау үшін Мердігер тарапынан тартылатын персоналды білдіреді және Мердігердің жұмыскерлерін, қызметкерлерін және өзге де жұмыскерлерін қамтуы мүмкін; • Шарттың орындалуын қамтамасыз ету – тендер құжаттарында Тапсырыс беруші белгілеген банк кепілдігі немесе шарттың орындалуы үшін басқалай кепілдік, сатып алу туралы шарт толық орындалғанға дейін қолданылу мерзімімен. • Мердігердің Шарт бойынша міндеттерді толық және тиісінше орындаған күні – шарт бойынша жұмыстарды қабылдаудың түпкілікті актісіне қол қойылған күн;

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.4.2. Электрондық нысандағы шот-фактуралар (ЭШФ). Мердігер шот-фактураларды Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес электрондық нысанда (ЭШФ) ұсынады;

2.4.3. ҚР Қаржы министрлігі бекіткен Р-1 нысаны бойынша Тараптар қол қойған, қызметтер көрсетуді растайтын Орындалған жұмыстардың орындалған жұмыстардың) актісі. Орындалған жұмыстардың актісін Мердігер Тапсырыс берушіге есеп айынан кейінгі айдың 01 (бірінші) күніне дейін қағазға басып ұсынады. Осы құжаттардың қағазға басылған түпнұсқалары қоса берілген құжаттардың





тізімі көрсетілген Мердігердің хатымен бірге курьерлік қызмет (пошта) арқылы жеткізіліп Тапсырыс берушінің кеңсесіне тіркеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Шарттың талаптарына, Тапсырыс берушінің талаптарына қайшы келетін құжаттар дұрыс нұсқасын ұсыну үшін Мердігерге хатпен қайтарылады. Бұл жағдайда құжаттардың дұрыс нұсқасын алған күн құжаттарды алған күн болып саналады. Тараптардың мекенжайлары немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.

2.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.7. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті болмаса және жұмыстарды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай орындайтын болса, төлем Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленген ставка бойынша төлем көзінен салық салынатын салықты шегере отырып жасалады.

2.8. Шарттың жалпы сомасынан түпкілікті төлем осы Шартта қарастырылған барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін және Шарт бойынша орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойылғаннан кейін ғана төленеді (егер төлем шарттарында түпкілікті төлем қарастырылған жағдайда).

2.9. Орындалған жұмыстар үшін Шарт бойынша ақы төлеу 7-қосымшаға сәйкес әрбір мұнай қабатында перфорациялық-жарылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

3.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

3.3. Мердігер құны мен мерзіміне әсер етуі мүмкін барлық тәуекелдерге, күтпеген мән-жайларға және басқа да жағдайларға қатысты барлық тиісті деректері бар екенін қабылдайды, осыған байланысты шарттың құны мен мерзімі бойынша талаптарын шынайы және жеткілікті деп есептейді.

3.4. Мердігер Тапсырыс берушіден барлық деректерді жеткілікті көлемде алғандығына және алынған деректерді тиісті түрде зерделегеннен кейін осы Шартты жасағанына кепілдік береді. Мердігердің жоғарыда көрсетілген деректерді білмеуі немесе зерттемеуі оны ұсынылған Шарттың шынайы құны мен мерзімі талаптары жауапкершіліктен босатпайтынын қабылдайды.

3.5. Тапсырыс беруші тарапынан Мердігерге тұрғын жай және тамақ берілмейді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);


4.1.3. Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебі осы Шарттың №3 қосымшасына сәйкес ұсынылады. Мердігер жұмыстардағы елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.6. Мамандарды ауыстырған жағдайда Мердігер оларды 10-15 жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушімен келісуі қажет. Бұл ретте біліктілік талаптары, дағдылары мен тәжірибесі бойынша Мердігердің тендерлік өтінімінің құрамында мәлімделгеннен кем болмауы тиіс;

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;





4.1.8. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.13. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.14. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

4.1.15. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

4.1.16. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

4.1.17. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

4.1.18. Осы Шарт бойынша кез келген салықтар мен төлемдерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлемелер бойынша, тәртіппен және мерзімдерде төлеу;

4.1.19. Токсанның соңғы есепті күніндегі және қызметтер көрсетілген жылдың соңғы есепті күніндегі жағдай бойынша не егер ол бұрын көрсетілген күндерге дейін аяқталса, Шарттың қолданысы аяқталған сәтте өзара есептерді салыстыру актісін ұсыну;


4.1.20. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.21. Осы Шарттың №5 қосымшасы болып табылатын «Еңбек қатынастары саласында мердігер ұйымдарға қойылатын талаптарды» сақтау.

4.2. Мердігердің:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





- 4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.
- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;
- 4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;
- 4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;
- 4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;
- 4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;
- 4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;
- 4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уактылы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 4.3. Тапсырыс беруші:
- 4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.
- 4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;
- 4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.
- 4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;
- 4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.
- 4.3.6. Егер жұмыстар Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде орындалатын болса, Мердігердің персоналы мен көлігіне (оның ішінде тасымалдау/жеткізу үшін тартылатындарға) рұқсат өтінімінде (Шарттың №4 қосымшасы) көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Мердігерден тиісінше рәсімделген өтінімді алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде рұқсаттамалар беру. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне Мердігердің өтінімі негізінде Тапсырыс берушінің корпоративтік қауіпсіздік қызметі беретін қажетті рұқсаттарды алу жолымен рәсімделеді. Тапсырыс берушінің объектілеріне уакытша рұқсат алуға өтінім кен орнына жоспарланған барғанға дейін кемінде 3 күн бұрын беріледі. Рұқсат беруге арналған өтінімге өтінім нысанында көрсетілген құжаттардың көшірмелері де қоса беріледі. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру үшін рұқсаттамалар мына мекенжай бойынша беріледі: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы 173/1, «PROGRESS» бизнес орталығы;
- 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:
- 4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.
- 4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.
- 4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.
- 4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уакытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.
- 4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі





нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.4.7. Талаптарда көрсетілген жағдайларда және тәртіппен осы Шарттың № 5 қосымшасы болып табылатын еңбек қатынастары саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптардың сақталуы бойынша Мердігерді тексеру.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған жұмыстардың сапасы бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды орындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Мердігер 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер тарапынан қабылданған болып саналады. Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыстың сапасыз бөлігін түзету және/немесе жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндетті.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігерге жұмыстардың тиісті көлемі және / немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, жұмыстар Тапсырыс беруші тарапынан қабылданған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер өкілінің қатысуымен, ал ол жоқ болған жағдайда тиісті ақау актісін жасайды. Актіде мыналар көрсетілуі керек:

5.5.1. ақау актісінің жасалған күні мен орны;

5.5.2. кемшіліктерді егжей-тегжейлі көрсету;

5.5.3. кемшіліктерді жою бойынша Тапсырыс берушінің ескертулері мен талаптары және т.б.;

5.5.4. кемшіліктер бойынша шағымға байланысты маңызы бар өзге де мән-жайлар;

5.5.5. Мердігердің кемшіліктерді жою мерзімі.

5.6. Мердігер ақау актісін жасаудан немесе оған қол қояудан бас тартқан кезде, кемшіліктерді растау үшін Тапсырыс беруші уәкілетті орган өкілінің қатысуымен тәуелсіз сараптама комиссиясын тағайындауға құқылы, ол кемшіліктерді белгілеу және олардың сипаты бойынша тиісті актіні жасайды, Мердігерді сараптама нәтижелері туралы хабардар етеді.

5.7. Кемшіліктер анықталған және ақау актісіне қол қойылған (немесе сараптама комиссиясы кемшіліктерді белгілеу жөніндегі актіні жасаған) жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде және өз есебінен осы кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді.

5.8. Егер Мердігер шарт және нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер шарт құжаттарына сәйкес Жұмыстарды соңына дейін орындай алмаса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Мердігерге тоқтау себептері жойылғанға дейін жұмыстарды орындауды тұтастай немесе олардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

5.9. Егер Мердігер ақау актісінің (немесе кемшіліктерді белгілеу жөніндегі сараптама комиссиясының актісінің) нұсқамаларын орындамаса, онда Тапсырыс беруші Мердігерді жазбаша хабардар еткеннен кейін дербес немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдануға құқылы. Осы кемшіліктерді жоюға байланысты Тапсырыс берушінің барлық шығыстарын Мердігер Тапсырыс беруші шот берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбе күні ішінде төлеуі не Тапсырыс беруші Мердігерге төленуге тиісті сомадан ұстап қалуы тиіс.

5.10. Ақау актісі Мердігерге факс, электрондық пошта немесе Тапсырыс хат арқылы жіберілуі мүмкін.

5.11. Орындалған жұмыстарды қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын, Шарт талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталаынады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша көрсетілген төлем бойынша міндеттерінің басталуы осындай рәсім мерзіміне ұзартылады. Мердігер орындалған жұмыстардың кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші жұмыстардың құнын төлемегуге құқылы.

5.12. Егер кемшіліктер мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, Шартты бұзуға және Мердігерден осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.





- 5.13. Шарт құжаттарында қарастырылған қабылдау актілеріне қол қою Мердігердің жұмыстарды толық орындағанын растайды.
- 5.14. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі объектіні пайдалануға беру актісіне қол қойылғаннан кейін (қажет болған жағдайда) ұсынылады.
- 5.15. Түпкілікті төлем 2-тараптан қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің негізінде жүргізіледі.
- 5.16. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Мердігер 2 дана ресімдейді және тараптар жұмыстарды орындау актісіне қол қойылған және Мердігер Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.
- 5.17. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі Шарттың 7-бөліміне сәйкес айыппұл санкцияларын ескере отырып, олар туындаған жағдайда өзара қаржылық міндеттер туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.
- 5.18. Сондай-ақ, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Мердігер ұсынады: - Мердігер Шарт бойынша барлық міндеттерді түпкілікті есептеу үшін орындағаннан кейін; - немесе екі тарап шартты бұзу туралы келісімге қол қойғаннан кейін және олар туындаған жағдайда айыппұл санкцияларының есебіне екіжақты қол қойғаннан кейін; - немесе Тапсырыс берушіден Шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін және айыппұл санкцияларының есебіне екіжақты қол қойғаннан кейін олар туындаған жағдайда; - Тараптардың талабы бойынша кез келген уақытта.

6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.
- 6.2. Мердігер орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күнде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жұмыстардың сапасына кепілдік береді.
- 6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде жұмыстардағы ақаулар немесе олардың шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Мердігер өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстағы ақауларды жоюдың кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстағы ақауларды жою бойынша барлық шығындарды Мердігер көтереді.
- 6.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 6.5. Мердігер осы Шартта қарастырылған жұмыстарды орындау үшін қажетті барлық қажетті лицензиялардың, сертификаттардың және басқа да рұқсат беру құжаттарының болуына кепілдік береді және лицензияларды, сертификаттарды және басқа да рұқсат беру құжаттарын (мемлекеттік органдармен келісулерді) алуға байланысты барлық шығыстарды төлеуге міндеттенеді. Мердігер жоғарыда аталған құжаттары болмаған жағдайда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға кіріспейтініне кепілдік береді. Жоғарыда санамаланған құжаттардың болмауына байланысты үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір айыппұлдар салынған, талап-арыздар қойылған жағдайда Мердігер оларды Тапсырыс берушіге шот ұсынылған және растайтын құжаттар ұсынылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуге кепілдік береді.
- 6.6. Тараптар азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудың мынадай түрлері бойынша қамту шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болуына және сақталуына кепілдік береді: көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру және осы Тарап персоналының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін тиісті Тараптың жауапкершілігін сақтандыру, осы персоналдың өз лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты еңбек шарттары негізінде өзіне тартылатын міндеттері. Тараптар қызметтер көрсету аумағындағы шарттар бойынша міндеттемелерді өздері орындайтын міндеттемелерге сәйкес келетін белгілі бір деңгейге дейін орындайтын өз жеткізушілерін/мердігерлерін/орындаушыларын сақтандыруға кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Мердігердің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеді белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;
- 7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы





құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

7.2.3. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге Жұмыстарды орындау мерзімдері қызмет көрсетуді бастау мерзімдері деп те түсініледі. Сондай-ақ, Мердігер Тапсырыс берушіге ілеспе жұмыстар мен қызметтердің тоқтап қалуына байланысты шығындарды өтейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды;

7.2.4. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде жойылмаған кемшіліктердің құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.5. Мердігер шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% - на баламалы, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайтын соманы тұрақсыздық айыбы ретінде төлейді.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда Мердігер тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.4.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.


7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

7.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар аясында Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-ның асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартса не қосымша салық есептелген болса, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылуынан бас тартылған ҚҚС сомасы толығымен және қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтейді. Осы тармақта қарастырылған шарт тек Мердігер қарым-қатынастарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау, ҚҚС қайтармау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкелген Мердігердің басқа Мердігерлермен қарым-қатынастарға қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетілмеген (төлемеген) не Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуды растамаған фактілер бойынша Мердігер тарапынан өтелген ҚР бюджетінен қайтаруылуы бас тартылған ҚҚС-тың асып кеткен сомасы Тапсырыс берушіге ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талаптың негізінде және Мердігердің не өнім берушілердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. жою нәтижесінде қайтарылған жағдайда Мердігерге қайтарылу қажет. Тапсырыс беруші ҚҚС артуының нақты қайтарылуын алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Мердігер бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді. Шарттың осы тармағының ережелері осы Шарт бойынша негізгі міндеттеменің қолданылу мерзімі тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы өз күшін сақтайды.





8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

8.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

8.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарламаны жібереді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігер Шартты орындаумен байланысты, оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.7. Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың жазбаша келісімі болмаса, Шарт бойынша қандай да бір құқықтарды беруге немесе қандай да бір міндеттерді бермейді.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісімдесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (эуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі





10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2025ж. дейін қолданыста болады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады. Осы Шарт шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін басталған, бірақ аяқталмаған қызметтерге, оның ішінде айыппұл санкцияларына қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

